

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің инновациялық жұмыстарының аймақтық (облыстық) конкурсының ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің инновациялық жұмыстарының аймақтық (облыстық) конкурсының осы Ережесі (бұдан әрі – Ереже) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің инновациялық жұмыстарының аймақтық (облыстық) конкурсының (бұдан әрі - Конкурс) мақсаттарын, міндеттерін және оны іске асыру тәртібін айқындайды.

1.2 Конкурс техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі - ТжКОБ) педагогтеріне және педагогикалық қызметпен айналысатын, кәсіби қызметте инновациялық білім беру технологияларын әзірлейтін және енгізетін тұлғаларға арналған.

1.3 Конкурс «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 Бұйрығына сәйкес өткізіледі.

1.4 Конкурс жыл сайын ұйымдастырылады және өткізіледі.

1.5 Конкурс тәуекел элементін қамтымайды, пайда немесе басқа кіріс алу мақсатын көздемейді және осы Ережеге сәйкес өткізіледі.

2. КОНКУРС МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Конкурс педагогикалық идеяларды, бастамалар мен жобаларды анықтау, сондай-ақ педагогикалық процесс үшін құнды болып табылатын ТжКОБ педагогтерінің озық тәжірибелерін қорытындылау мақсатында өткізіледі.

2.2 Конкурстың міндеттері:

- білім берудің инновациялық идеяларын, бастамаларын, жобаларын және тиімді педагогикалық тәжірибені енгізуде ТжКОБ ұйымдары педагогтерінің белсенділігін жандандыру;

- педагогтерінің үздік инновациялық жұмыстарының банкін құру және қолжетімді түрде жариялау;

- педагогтерінің үздіксіз кәсіби дамуына ықпал ету;

- ТжКОБ ұйымдары педагогтерінің кәсіби қарым-қатынас кеңістігін кеңейту.

3. КОНКУРСТЫҢ МӘНІ

3.1 Конкурстың мәні қазіргі педагогикалық технологияларды немесе олардың жекелеген элементтерін пайдалана отырып, оқытудың нысандарын, құралдарын, әдістерін ашатын, белгілі бір бағыт бойынша педагогтердің инновациялық жұмыстары (бұдан әрі – Жұмыстар) болып табылады.

3.2 Жұмыс үлгідегі ұйымдардың оқу-тәрбие процесі үшін құнды болуы, білім беру сипаты болуы және Қазақстан Республикасының заңнамасына, жалпыға танылған ғылыми фактілер мен этикалық нормаларға қайшы келмеуі тиіс.

3.3 Конкурсқа іске асырылған, сондай-ақ жаңа жобалар ұсынылуы мүмкін ғылыми жаңалық элементтері, практикалық және коммерциялық маңызы бар идеялар (жобалар, бағдарламалар), зерттеу нәтижелері, өзге де жобалар мен шешімдер.

3.4 Жұмыстар қазақ / орыс / ағылшын тілінде ұсынылады.

3.5 Қатысушылар жұмыстарды бағыттардың бірі бойынша ұсынады:

- оқу жұмысы бойынша әдістемелік өнім;

- тәрбие жұмысы бойынша әдістемелік өнім;

- цифрлық білім беру өнімі;
- ғылыми-зерттеу жұмысы;
- бағалау қызметі мен кері байланыс жұмыстарының кешені.

3.6 Бағыттар бойынша жұмыстарға қойылатын талаптар осы Ережеге 6.1-қосымшада көрсетілген.

4. КОНКУРСТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1 Конкурстың ұйымдастырушылары - Ақмола облысы білім басқармасының әдістемелік орталығы;

4.2 Конкурсты өткізу үшін конкурсты ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитетін (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) және конкурстың қазылар алқасын (бұдан әрі – қазылар алқасы) айқындайды.

5. КОНКУРС ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

5.1.Конкурсқа қатысуға ТжКОБ ұйымдарының инновациялық жұмыстардың өңірлік конкурстарының жеңімпаздары болып табылатын үлгідегі (меншік нысанына қарамастан) ұйымдар педагогтерінің жұмыстары жіберіледі.

5.2 Конкурсқа өтінім берген қатысушы Конкурсқа өтінімдерді ресімдеу және беру қағидаларына қойылатын талаптарды қоса алғанда, осы Ережемен келіседі.

6. КОНКУРС КЕЗЕҢДЕРІ

Конкурс үш кезеңде жүзеге асырылады:

I кезең – колледжішілік байқау

II кезең – **аймақтық (облыстық)**

6.1 **I кезең – колледжішілік байқау 2025 жылғы қыркүйек айында өтеді.**

Конкурсты өткізу барысы туралы ақпарат колледждердің сайттарында, ақпараттық әлеуметтік желілер орналастырылады.

Колледжішілік іріктеу кезеңінің жеңімпаздары аймақтық (облыстық) кезеңге қатысады.

Конкурстың аймақтық (облыстық) кезеңіне әр ұйымнан **5 бағыт бойынша тек бір үздік жұмысты** жолдайды.

6.2 **II кезең – аймақтық (облыстық)**

Құжаттар **2025 жылғы 14 қарашаға дейін** akmcentrtipo@yandex.kz электрондық пошта арқылы қабылданады

Білім беру ұйымдары Ақмола облысы білім басқармасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді дамыту орталығына жеңімпаздардың құжаттарын (осы Ереженің 7.1 -тармағы) ұсынады.

7. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

7.1 Колледждерден өңірлік конкурсқа қатысу нәтижесінде анықталған жұмыстарды (әр бағыт бойынша бір үздік жұмыс) көрсетілген және комиссияның/қазылар алқасының хаттама көшірмелерін қоса отырып, хат жібереді.

Конкурсқа қатысу үшін онлайн өтінімдер Конкурс платформасында келесі құжаттарды тіркей отырып қабылданады:

- 1) автордан Жұмыстың қысқаша аннотациясы;
- 2) осы Ереженің «Жұмысқа қойылатын талаптар» бөлімінде көрсетілген жүктелген жұмыс форматына қойылатын талаптарға сәйкес жұмыс істеу;
- 3) қатысушының фотосуреті (файл өлшемі jpg форматында 200 Кбайттан аспайды);
- 4) осы Жұмыстың бірегей сәйкестендіру белгілерін (болған жағдайда) растайтын қосымша құжаттар қоса беріледі.

7.2 Конкурстың нәтижелері 2025 жылғы желтоқсан айында жарияланады.

7.3. Авторлары көрсетілген үздік жұмыстар тізімі Ақмола облысының әдістемелік орталығының ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

8. МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ

Аймақтық кезеңнің қорытындысы бойынша жеңімпаздар дипломдарымен және қатысу сертификаттарымен марапатталады.

Қазылар алқасы Конкурс қорытындысы бойынша үздік жұмыстарды анықтайды және хаттамамен ресімдейді: 5 (бес) бағыт бойынша 3 (үш) үздік жұмыс.

Қосымша 1

ЖҰМЫСҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Жұмыстарға қойылатын жалпы талаптар:

– берілген тақырыптың мәні бойынша ақпараттылық пен нақтылық (жалпы тіркестер болмауы керек);

– баяндау анықтылығы;

– құрылымның анықтылығы;

– автордың инновациялық қызмет нысанын қолдануы немесе олардың үйлесімділігі;

– мысалдармен, иллюстрациялармен, эксперименттік сынақтан өткізу материалдармен, бейнежазбалармен (1-2 мин.) ұсынылатын тәсілдердің тиімділігін растау.

2. Жұмыстар құрылымы:

– басты бет;

– кіріспе немесе түсіндірме жазба;

– негізгі бөлім;

– қорытынды;

– қолданылған әдебиет;

– қосымшалар (болған кезде).

3. Құрылым бойынша осы талаптар «Цифрлық білім беру өнімі» бағыты бойынша Жұмыстарға қойылмайды.

4. Бағыттар бойынша жұмыстарға қойылатын талаптар

4.1. Оқу жұмысы бойынша әдістемелік өнім

Оқу жұмысының әдістемелік өнім - бұл оқу жұмысының бағыты бойынша оқыту әдістемесінің мазмұнын, ерекшеліктерін ашатын жүйелі материалды қамтитын оқу-әдістемелік басылымдардың бір түрі.

Әдістемелік өнім түрлері: оқу құралы, оқу-әдістемелік кешен, әдістемелік ұсыныстар, сабақтардың әдістемелік әзірлемелері және т. б.

Оқу жұмысы бойынша әдістемелік өнімді бағалау критерийлері:

№	Бағалау критерийлері	Балл
1	Оқу материалының мазмұнын оқыту нәтижелеріне бағдарлануы	20
2	Қазақстандық құрамдастың болуы	20
3	Дидактикалық материалдың әртүрлілігі (оқу материалын меңгерудің жоспарланған нәтижелері, бақылау сұрақтары, тапсырмалар, тапсырмалар, тесттер және т. б.)	20
4	Әдістемелік құндылығы, колледж педагогтерімен пайдалану мүмкіндігі	20
5	ТЖКОБ білім беру жүйесіндегі инновацияларға бағытталуы	10
6	Тапсырмаларды орындағаны үшін бағалау критерийлерінің болуы	10
	Барлығы	100

4.2. Тәрбие жұмысы бойынша әдістемелік өнім

Тәрбие жұмысы бойынша әдістемелік өнім колледжде мониторинг, талдау қызметін жүргізу, тәрбие жұмысын әдістемелік қамтамасыз ету және жоспарлау бойынша әзірлемелерді білдіреді.

Әдістемелік өнім түрлері: тәрбие бағыты бойынша оқу құралы, әдістемелік ұсыныстар, сценарийлерінің әзірлемелері және т. б.

Тәрбие жұмысы бойынша әдістемелік өнімді бағалау критерийлері:

№	Бағалау критерийлері	Балл
1	Тақырыптың өзектілігі, шығармашылық тәсіл, мазмұнның өзіндік ерекшелігі	20
2	ТЖКОБ саласындағы ұлттық мақсаттар мен басым міндеттерді ескере отырып, тәрбие процесін жаңартуға бағытталуы	20
3	Тәрбие берудің дәстүрлі және инновациялық әдістері мен нысандарының икемділігі және интеграциясы	20
4	Білім алушылардың жасына және қызығушылықтарына мазмұны, нысандары, әдістері мен тәсілдерінің сай келуі	10
5	Қойылған мақсаттың, міндеттердің және жоспарланған нәтижелердің нақтылығы мен қолжетімділігі	10
6	Тәрбие процесін жетілдіру, білім алушыларды тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің жаңа міндеттерін шешу үшін практикалық құндылық	10
7	Топ кураторлары, өндірістік оқыту шеберлері, педагог–психолог, әлеуметтік педагог, жатақхана тәрбиешілерінің студенттермен және олардың ата-аналарымен өзара қатынасы	10
	Барлығы	100

4.3. Цифрлық білім беру өнімі

Цифрлық білім беру өнімі электрондық оқу құралдары, интерактивті оқыту курстары, бейнесабақтар, электрондық тренажерлар, интерактивті оқыту ойындары, мультимедиялық оқыту бағдарламалары, білім беру бейнефильмдері, бейне дәрістер, виртуалды зертханалық жұмыстар және басқа да білім беру ресурстары түрінде ұсынылған пән/модуль (мамандық) бойынша интерактивті, мультимедиялық оқыту кешені болып табылады.

Цифрлық білім беру өнімін бағалау критерийлері:

№	Бағалау критерийлері	Балл
1	Пайдалану бойынша толық нұсқаулықтың болуы	20
2	Жоғары интерактивтілік және оқыту мультимедиясы	20
3	Ұсынылған материалдардың көрнекілігі (заманауи дизайн, анимация)	20
4	Навигация, іздеу жүйесінің тиімділігі	10
5	Пайдаланушыға түсінікті контекстік көмек	10
6	Оқытылатын материалмен байланысты танымдық	10

	және шығармашылық тапсырмалардың болуы	
7	Материалдың практикалық мазмұндылығы	10
	Барлығы	100

4.4. Ғылыми-зерттеу жұмысы

Ғылыми-зерттеу жұмысы бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, заңдылықтарды, ғылыми жалпылау мен негіздемелерді белгілеу мақсатында ғылыми іздеумен, зерттеулер жүргізумен, эксперименттермен байланысты дербес зерттеу болып табылады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын бағалау критерийлері:

№	Бағалау критерийлері	Балл
1	Ғылыми-зерттеу жұмысының жаңашылдығы мен өзектілігі	20
2	Ақпараттық мазмұн: логика, дәйектілік, мазмұн, тереңдік	20
3	Практикамен байланыс, жұмысты пайдалану перспективасы	20
4	Мазмұндылығы <i>(ақпараттылық деңгейі, мағыналық сыйымдылығы, ақпаратпен жұмыс жасау деңгейі, жаңа ақпаратты іздеу тәсілі, ақпаратты беру тәсілі - жаңғыртудан талдауға дейін)</i>	10
5	Проблемалығы <i>(кәсіби қызметіндегі проблеманың болуы және сипаты)</i>	10
6	Рәсімдеу сапасы <i>(мәтінді рубрикациялау және құрылымы, эскиздердің, схемалардың, суреттердің сапасы)</i>	10
7	Өз қорытындыларының болуы, жұмысты әзірлеудегі дербестігі	10
	Барлығы	100

4.5. Бағалау қызметі мен кері байланыс жұмыстарының кешені

Бұл бағыттағы жұмыстар студенттердің материалды меңгеру деңгейін, оқу процесіндегі прогресін өлшеу мақсатымен педагогтер әзірлейтін/қолданатын тиімді жоспарлау/ ұйымдастыру / бағалау және кері байланысты жүзеге асыру құралдары болып табылады.

Бағалау қызметі мен кері байланыс жұмысын бағалау критерийлері:

№	Бағалау критерийлері	Балл
1	Жеке бақылау-өлшеу материалдарын және тапсырмаларды орындау деңгейін бағалау критерийлерінің жасакталуы	20
2	Оқытудың мақсаттары мен нәтижелерінің тұжырымдалуы	20
3	Мультимедиялық технологияларды қолданылуы	20
4	Жұмыстың практикалық маңыздылығы және колледж педагогтерінің пайдалану мүмкіндігі	20
5	Ұсынылған нысандар мен мазмұнның	10

	жаңашылдығы	
6	Студенттердің белсенділігі мен өзін-өзі дамытуын ынталандыру, әдістері мен тәсілдерін қолданылуы	10
	Барлығы	100